



АУҒАН СОҒЫСЫ

(1979—1989)

ZHARAR

WWW.ZHARAR.COM



**Ауғанстан Ислам
партиясының моджахедтері,
1987 жыл.**

Бұл “қырғи қабақ соғыс” кезеңі өткеннен кейінгі уақытта да КСРО-ның өзге елдерді өз ықпалына қарату саясатының айқын көрінісі еді. 1965 ж. қаңтарда Ауғанстанда Кеңес Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (МХК) тыңшыларының қатысуымен жартылай астыртын қызмет атқарған халықтық-демокр. партия (ХДП) құрылып, біраздан соң ол екіге бөлінген.

Ауған соғысы туралы

Ауған соғысы (27.12.1979 — 15.02.1989) — КСРО Қарулы күштерінің Ауғанстанға басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғуы салдарынан тұтанған соғыс. КОКП және КСРО басшылығы Ауғанстандағы 1978 жылғы сәуір төңкерісі нәтижесінде билікке келген “халықтық-демократиялық үкіметті” қолдап, көршілес елдің социалистік бағытпен дамуын көздеп, “интернационалдық әскери жәрдем береміз” деген желеумен оның ішкі істеріне араласты.





1979

1989



Өтер жылдар, айлар тағы алыстап
Тағдыр талай тауқыметін табыстар.
Өздерінді жырлап өтер ұрпағың
Ауғандағы азап шеккен арыстар

www.ZHARAR.com